

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІ.- Б.133-135.

ӘОЖ619 : 618.4-72 : 636-2

АСПАПТЫҚ ЖӘНЕ БИОФИЗИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН СИЫРЛАРДЫҢ БУАЗДЫЛЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

*Құрманғалиев Е.Е., 2 курс магистранты
Джакупов И.Т. проф. ғылыми жетекші*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ*

Қазақстанның ауыл шаруашылығы кешені – еліміздің даму бағыттарының маңызды бөлігі болып табылады. Себебі ауыл шаруашылығы саласын дамыту елдің экономикалық және әлеуметтік әл -ауқатының кепілі.

Ірі қара малдағы буаздылығын диагностикалау зооветеринарлық маңызды іс-шаралар болып табылады, оның дұрыстығы жануарларды көбейту бойынша жоспарлы жұмысты жүргізуге байланысты. Бұл жұмысты орындау кезінде бедеуліктен ажыратып қана қоймай, буаздылық мерзімін де анықтау өте маңызды [1].

Буаздылықты диагностикалау кез келген ірі қара мал мал шаруаршылығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Диагностикалау әдістеріне тік ішекті пальпациялау, трансректальды сонография және биохимиялық анализдер жатады. Ең жақсы әдісті анықтау үшін ветеринарлық шығындар малды ұстауға жұмсалатын шығындармен салыстырылуы керек [2].

Қазіргі уақытта ірі жануарларда, мысалы сиырларда буаздықты диагностикалаудың негізгі әдісі-дамып келе жатқан ұрықты тік ішек арқылы пальпациялау болып табылады. Бұл әдіс ұрықтанғаннан кейін 60-70 күннен кейін буаздылық мерзімін белгілеуге мүмкіндік береді. Буаздылық мерзімін анықтау үшін ультрадыбыстық сканерлерді қолдану тік ішек арқылы электронды сенсорды енгізу қажеттілігіне байланысты шектеулі.

Ұрықтандырылған жануардың сәтсіз буаздылығын ерте және дәл диагностикалау өнеркәсіптік мал шаруашылығы үшін үлкен экономикалық маңызға ие. Осыған байланысты, жыныстық циклдің қозуының келесі сатысында жануарды қайтадан ұрықтандыру мүмкіндігін жіберіп алмау үшін жануардың буаз емес екенін дәл анықтауға болатын әдіске айтарлықтай қажеттілік бар.

Жұмыстың мақсаты: Буаздылық мерзімі мен жасына байланысты сиырлардың буаздылығы мен бедеулігін диагностикалаудың аспаптық әдісінің тиімділігін анықтау.

Жұмысты орындау барысында тәжірибелер Солтүстік Қазақстан облысы Аққайын ауданы «Салют» ЖШС жүргізілді. «Салют» ЖШС негізінен сүтті бағыттағы қара ала тұқымды сиырлар өсіріледі.

Зерттеу материалдары: акушерлік құрал жабдықтар, «EMR V-9» УДЗ – сканері(Қытай), жануарларды тіркеу журналы, ІҚМ, жануарларды бекіту орындары, бір реттік қолданылатын полиэтилен қолғап, халат, резеңке етік, вазелин т.б .

Жұмыстың бастапқы материалы әр түрлі жастағы сиырлар, 2022-2023 жылдардағы малдың ұдайы өсіп - өну журналы, ұрықтандыруды есепке алу журналы, сондай-ақ зерттеулер мен бақылаулардың нәтижелері болады.

Сиыр жасының буаздық пен бедеулікті аспаптық диагностикалық зерттеуге әсерінің негізі жануар ағзасындағы орын алынатын жыныс мүшелерінің жасына байланысты өзгерістеріне тікелей байланысты.

«Салют» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сиырларының буаздылығы мен бедеулігін анықтау мақсатында 97 сиырға ультрадыбыстық зерттеу арқылы және «Pregnancy Diagnosis» аспабының көмегімен диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ұрықтандыру мерзімін ескере отырып буаздық күндері анықталғаннан кейін, сиырларды бес топқа бөліп қарастырылды: буаздылық күндері I топ (n= 17) 28 – 60 күн, II топ(n= 28) 61 - 120 күн, III топ (n= 18) 121 - 150 күн , IV топ (n= 16) 151 -180 күн , V топ(n= 18) 181-285күн.

Аспаптық зерттеу барысында 97 сиырдан 77 сиыр буаз оның ішінде I топқа – 11, II топ – 19, III топ– 14, IV топ– 16, V топ– 17 сиыр; 15 сиыр күмәнді I топқа – 3, II топқа – 7, III топқа – 4, V топ– 1 сиыр; 5 сиыр бедеу оның ішінде I топқа – 3, II топқа – 2 сиыр анықталды.


Ультрадыбыстық зерттеу барысында 90 сиыр буаз, оның ішінде ішінде I топқа – 13, II топ – 26, III топ– 17, IV топ– 16, V топ– 18 сиыр; 7 сиыр бедеу оның ішінде I топ– 4 сиыр, II топ – 2 сиыр, III топ– 1 сиыр анықталды(кесте 1).

1 кесте – Буаздық мерзіміне байланысты буаздық пен бедеулікті зерттеу нәтижелері

Буаздылық мерзімі	Мал басы саны	Аспаптық зерттеу						УДЗ				Қорытынды	
		буаз		күмәнді		бедеу		буаз		бедеу			
		n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	буаз	бедеу
28-60	17	1	64	3	18	3	1	1	76	4	2	84%	75%

		1					8	3			4		
61-120	28	1 9	68	7	25	2	7	2 6	92	2	8	75%	100%
121 -150	18	1 4	78	4	22			1 7	94	1	6	82%	0%
151-180	16	1 6	10 0					1 6	10 0			100 %	100%
181-	18	1 7	94	1	6			1 8	10 0			94%	100%

Кестеден қара – ала тұқымды сиырлардың буаздылық мерзіміне байланысты буаздық пен бедеулікті диагностикалауды «Pregnancy Diagnosis» аспабының тиімділігі келесідей нәтиже алынды (сурет - 1):



1 сурет - "Pregnancy diagnosis" аспабының тиімділігі

Жасына байланысты «Салют» ЖШС-нің қара – ала тұқымды 97 сиырды буаздық пен бедеулігін диагностикалау мақсатында 3 топқа бөліп қарастырдық. Зерттеу әдістері ретінде, ультрадыбыстық зерттеу және аспаптық зерттеу қолданылды. I топқа 2 жасқа дейінгі сиырларды, II топқа 3 пен 5 жас аралығындағы сиырларды, III топқа 5 жастан жоғары сиырларды енгіздік. Зерттеу нәтижелері төменгі кестеде келтірілген (кесте 2).

2 кесте - Сиыр жасына байланысты буаздық пен бедеулікті диагностикалау әдістерінің нәтижелері

Малдың жасы	Мал басы	Аспаптық зерттеу	Тік ішек арқылы зерттеу	Қорытынды
-------------	----------	------------------	-------------------------	-----------

	саны	буаз		күмәнді		бедеу		буаз		бедеу		буаз	бедеу
		n	%	n	%	n	%	n	%	n	%		
2	27	18	67	5	18	4	14	23	85	4	15	78%	100%
3-5	49	44	89	4	8	1	2	48	97	1	3	91%	100%
5-тен жоғары	21	15	71	6	28			19	90	2	10	79%	0%

Қорытынды

«Салют» ЖШС сиырларының буаздылығы мен бедеулігін «Pregnancy Diagnosis» аспабының көмегімен диагностикалау тиімділігін анықтау барысында 28-60күн аралығында буаздылық - 84%, бедеулігі - 75%, 61-120 күн аралығында буаздылық - 75%, бедеулігі - 100%, 121-150 күн аралығында буаздылық - 82%, 150-181 күн аралығында буаздылық - 100%, бедеулігі - 100%, 181 – 285 күн аралығында буаздылық - 94%, бедеулігі - 100% тиімділігі анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1 Айтышев, С. А. Диагностика стельности коров на учебно-научной базе Курганской ГСХА [Текст]/ Наука в исследованиях молодежи. Сборник статей по материалам студенческой научной конференции. Курганская государственная сельскохозяйственная академия им. Т.С. Мальцева, -2022. – Часть II.- С. 113-116. – EDN ATQSTJ.

2 Bagley, J. E., Richter, M. P., & Lane, T. J. The Role of Transrectal Sonography in Pregnancy Diagnosis in Cattle. [Text]/ Journal of Diagnostic Medical Sonography. - 2023. -№39(1).-P. 50–60. <https://doi.org/10.1177/87564793221120260>.

3 Патент № 2775205 С1 Российская Федерация, МПК А61К 31/00, А01К 67/02. Диагностический набор для определения беременности и бесплодия коров: № 2021113020: заявл. 04.05.2021 : опубл. 28.06.2022 [Текст]/ С. В. Позябин, Л. А. Гнездилова, С. В. Федотов [и др.] ; заявитель Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования "Московская государственная академия ветеринарной медицины и биотехнологии - МВА имени К.И. Скрябина". – EDN ИКМУАХ.